

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің  
2025 жылғы «31» қаңтардағы  
№ 1 хаттамасына/шешіміне  
№ 8 қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 4 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау мәселелерін, кадрлар мен сыйақыларды, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

1. 7-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:  
«4) Қоғамның Директорлар кеңесі арқылы Директорлар Кеңесінің барлық құрамын немесе оның жекелеген мүшелерін сайлау туралы мәселеге бастамашылық жасау.».
2. 13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:  
«Комитет мүшелерінің көпшілігін тәуелсіз директорлар құрайды.  
Комитет мүшелерінің кем дегенде біреуінің қызметкерлерді басқару және оның қызметін бағалау, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында білімі мен практикалық тәжірибесі болуы тиіс.».
3. 14-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:  
«Комитет төрағасы кәсіби құзыреттерімен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, Комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болуы тиіс.».
4. 22-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2) Директорлар кеңесі немесе Директорлар кеңесінің мүшесі;».
5. 26-1-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Қалыптастырылған іс Комитет хатшысында күнтізбелік жыл бойы сақталады, ол аяқталғаннан кейін Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес архивке тапсырылады.».
6. Мынадай мазмұндағы 28-2-тармақпен толықтырылсын:  
«28-2. Комитет отырысының хаттамасын Комитет хатшысы ол ресімделген күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне электронды түрде (ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді ескере отырып) жібереді.».